



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY



**МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ПАРЛАМЕНТАРИЗМ ИНСТИТУТЫ»  
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ МЕН  
«НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ» ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ  
АРАСЫНДАҒЫ  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

Астана қ.

2025 ж. 24 қаңтар

Бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жеке «Тарап» деп аталатын Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының «Парламентаризм институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директор Пан Наталья Виссарионовна бір тараптан және «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Президент Вакар Ахмад екінші тараптан төмендегілер туралы Ынтымақтастық туралы меморандумды (бұдан әрі – Меморандум) жасасты.

**1. Меморандумның мақсаты**

**1.1.** Осы Меморандумның мақсаты заң жобаларын әзірлеу мен талқылаудың сапасын арттыру мақсатында Тараптар арасындағы сараптамалық ынтымақтастықты дамыту.

**2. Меморандумды іске асыру нысандары**

**2.1.** Осы Меморандумды іске асыру үшін Тараптар:

2.1.1. осы Меморандумды іске асыру барысында қалыптасқан біліммен, құзыреттермен және озық тәжірибелермен өзара алмасуды жүзеге асыру;

2.1.2. зерттеудің басым бағыттары бойынша заманауи технологиялар мен әдістерді әзірлеу және енгізу саласындағы тәжірибемен бөлісу;

2.1.3. жарияланымдармен, материалдармен, оқу және ғылыми әдебиеттермен алмасуға жәрдемдесу;

2.1.4. бірлескен конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру;

2.1.5. заң жобаларын әзірлеу және талқылау жөніндегі жұмыс топтарының жұмысына қатысу әрі ғылыми кеңес беру үшін мамандарды тартуға жәрдемдесу;



2.1.6. Тараптар өзара әрекеттесу барысында келісетін ынтымақтастық пен өзара көмектің өзге де нысандарын жүзеге асыру.

2.2. Тараптар олардың арасындағы ынтымақтастық бірлескен бағдарламалар мен жобалар бойынша жеке жасалатын шарттар негізінде жүзеге асырылатынына келіседі. Мұндай шарттар ынтымақтастықтың шарттары, тақырыптары, қатысушылары және бағыттары келісілгеннен кейін Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоятын болады.

2.3. Мүмкіндік болған жағдайда Тараптар қызметкерлерді немесе студенттерді тағылымдамалар, тәжірибе алмасу және танысу сапарлары үшін бір-біріне жібере алады.

2.4. Осы Меморандум Тараптар үшін міндеттемелер туындатпайды және оларға заңдық немесе қаржылық талаптар жүктемейді.

### **3. Меморандумның әрекет ету мерзімі**

3.1. Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және үш жыл ішінде қолданылады.

3.2. Тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша Меморандумның қолданылу мерзімі келесі кезеңдерге ұзартылуы мүмкін.

### **4. Меморандумды өзгерту немесе тоқтату**

4.1. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Аталған өзгерістер мен толықтырулар осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісімдер түрінде ресімделеді.

4.2. Тараптардың әрқайсысы Меморандумның қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы өзінің ниеті туралы екінші Тарапты оның тоқтатылуынан күнтізбелік 30 күн бұрын жазбаша нысанда хабардар ете отырып, Меморандумның қолданысын мерзімінен бұрын тоқтата алады.

4.3. Меморандумның қолданысын тоқтату Тараптарды өздерінің Меморандумды қолдану кезінде жасасқан шарттар мен келісімдері бойынша міндеттемелерінен босатпайды.

4.4. Егер Тараптар Меморандум аясындағы ынтымақтастықты бір жыл бойы жүргізбесе, Тараптардың әрбіреуі осы Меморандумның 4.2-тармағында көзделген тәртіппен Меморандумның қолданысын тоқтата алады.

### **5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

5.1. Бірлескен ынтымақтастықты жүзеге асыру барысында Тараптар өздерінің қарым-қатынастарын теңдік, әділдік және бір-бірінің мүдделерін қорғау негізінде құруға ұмтылатын болады.

5.2. Тараптар осы Меморандумда айқындалған ынтымақтастық бағыттарын іске асыру үшін қажетті ақпаратпен қажет болған жағдайда алмасады.



5.3. Әрбір Тарап алдын ала келісілген жағдайда бірлескен іс-шаралар мен жобалардың жүзеге асырылуына, сондай-ақ өз мамандарын тартуға құқылы.

5.4. Тарап екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз оның жеке белгілерін (тауар белгілерін, символдарын, логотиптерін және т.б.) пайдалануға және/немесе таратуға құқылы емес.

5.5. Тараптар бір-біріне берілген ақпаратты осы Меморандумның мақсаттарына қол жеткізу үшін ғана пайдаланады.

5.6. Егер Тараптармен өзгеше тәртіп келісілмесе, Тараптар осы Меморандумды орындауға байланысты шығыстарды өз мойнына алады.

5.7. Тараптар осы Меморандум шеңберінде берілетін ақпараттың құпиялылығын сақтау үшін ұтымды шаралар қабылдауға және екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз оны үшінші тұлғаларға жария етпеуге міндеттенеді.

5.8. Тараптар осы Меморандум шеңберінде берілетін құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға екінші Тараптың жазбаша рұқсатынсыз жария етпеу үшін барлық тиісті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

5.9. Осы Меморандумның ережелерін орындауға немесе түсіндіруге қатысты мәселелер туындаған жағдайда, Тараптар консультациялар өткізіп, пайда болған келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешуге ұмтылады.

## 6. Өзге ережелер

6.1. Осы Меморандум Тараптар ұсынуы мүмкін және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін ынтымақтастықтың өзге де нысандарын іске асыруды жоққа шығармайды.

6.2. Осы Меморандумды орындауға байланысты туындайтын даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында келіссөздер арқылы шешіледі.

6.3. Осы Меморандум, бірдей заңды күші бар, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада, әрбір Тарап үшін бір-бір данадан жасалады. Меморандум мәтінін түсіндіруде әртүрлі оқылулар болған жағдайда қазақ тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.

## ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының «Парламентаризм институты» ШЖҚ-дағы РМК  
Мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел данғылы, 8/2, «Алтын Орда» бизнес орталығы  
тел./факс: +7(7172) 84-86-61  
www: <http://instparlam.umto.kz/ru>  
E-mail: [instparlam@umto.kz](mailto:instparlam@umto.kz)

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы

Мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 53  
Тел.: 8 (7172) 70 66 88  
Сайт: <https://nu.edu.kz/ru>  
E-mail: [nu@nu.edu.kz](mailto:nu@nu.edu.kz)



Директор

Н.В. Пан



Президент

Ахмад В.